



DEPARTMENT OF
POLITICAL SCIENCE

FOUNDED 1999

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Факультет журналистики и политологии
Кафедра политологии

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ МОДЕРНИЗАЦИЯСЫ:
ПЕРСПЕКТИВАЛАР МЕН СЫН-ҚАТЕРЛЕР**

Х-шы Халықаралық ғылыми-практикалық
конференция материалдары
5 мамыр 2020 ж.

**СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ
КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА:
ПЕРСПЕКТИВЫ И ВЫЗОВЫ**

Материалы X-Международной
научно-практической конференции
5 мая 2020 г.

Нур-Султан, 2020

УДК 327(063)
ББК 66.4 (0)
С 69

Редакционная коллегия:

Доктор политических наук, профессор **Р.А. Нуртазина**, Казахстан
Доктор политических наук, профессор **Е.В.Матвеева**, Россия
Доктор политических наук, профессор **Хасан Язиджы**, Турция
Депутат VI Созыва Палаты представителей Национального собрания
Республики Беларусь – **Жданович Павел Леонидович**

Организационный комитет конференции: E-mail: polscience323@gmail.com

Информация о конференции на сайте: enu.kz

Рыстина И.С. – доктор PhD, доцент, зав.кафедрой политологии

Копежанова Д.Е.- доктор PhD, доцент кафедры политологии

Болатулы Нуржан – преподаватель кафедры политологии

«Социально-политическая модернизация казахстанского общества: перспективы и вызовы».

Сборник материалов X- Международной научно-практической конференции. (5 мая 2020 г) – Нур-Султан, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

ISBN 978-601-337- 131-3

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит тезисы докладов преподавателей, докторантов PhD, магистрантов в области политических наук. Основная тематическая направленность дискуссионных вопросов отражает аспекты реализации социальной политики государства в условиях глобализации, актуальные проблемы политической науки, философии Абая Кунанбаева в современных социально-политических реалиях, волонтерства в контексте формирования гражданского общества и реализация программы «Рухани жанғыру», как новые тренды духовного обновления нации.

В докладах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций.

ISBN 978-601-337- 131-3

© Кафедра политологии
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2020.

Арзықұлов Алмас Әжкенұлы
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің докторанты,
almas_sunkari@mail.ru
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ЖАҢА КҮН ТӘРТІБІ РЕТІНДЕ

Abstract. The article addresses the problem of the presidential programme article, «Course towards the future: modernisation of Kazakhstan’s identity», which is one of the main elements of the political and public agenda of the country impacting public opinion. Speeches and publications of Leader of the Nation are a significant political event in any state, as they are important ideological documents that determine not only the political and economic development of the country, but also the future goals and objectives facilitate the modernisation of the state through national idea.

Keywords: Course towards the future, modernisation, political agenda, national idea, public opinion.

Қазіргі саясаттану әдебиеттерінде «күн тәртібі» термині кеңінен қолданылады. Осы категорияның тарихи шығу негізінің (ағылшын тіліндегі agenda) қазіргі заманғы ағылшын тіліндегі анықтамасы «талқыланатын тақырыптардың тізімі», «қабылданатын шаралардың жиынтығы», «көпшілік талқылайтын тақырыптар» ретінде көрсетіледі. Сонымен бірге, бұл бейнелі терминнің қарапайымдылығына қарамастан, қазіргі саяси дискурста «күн тәртібі» әдеттегіден гөрі көп мағынаға ие.

Сонымен саяси күн тәртібі қазіргі саясаттың негізінде билік (ең алдымен атқарушы) қойған мақсаттармен, құндылықтармен, идеялармен байланысты. Яғни саяси күн тәртібін неғұрлым тар мағынада қарастыратын болсақ, онда бұл тұжырымдаманы билік органдары белгілейтін және жаңалықтар саясатын және пікірталастарды белгілейтін мәселелер жиынтығы ретінде сипаттауға болады. Осылайша, саяси күн тәртібі – белгілі бір уақыт кезеңінде өзекті болып табылатын, азаматтардың көзқарасына ықпал ету үшін билік бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланып қоғамның назарын саяси күн тәртібінің жекелеген элементтеріне аударуға тырысатын белгілі бір саяси мәселелер мен проблемалардың тізбесі деп қорытынды жасауға болады.

Саяси дискурстың маңызды бөлігі – бұл ел Президенттерінің жолдаулары. Мемлекет басшысының өз халқына жасаған үндеуі кез-келген мемлекетте елеулі саяси оқиға болып табылады. Жолдау еліміздің саяси-экономикалық дамуын ғана емес, сонымен қатар одан әрі дамуының негізгі бағыттарын, жетекші саяси күштердің орналасуын анықтау сияқты маңызды құжаттардың бірі болып табылады. Жолдаудың кейбірі – бұл келер жылдың нақты мақсаттары мен міндеттерін анықтайтын негізгі саяси акті болса, екіншісінде – дәстүрге деген құрмет немесе қоғамдық өмірдің сол немесе өзге де фактілерін беделді бағалау [1, 41 б.].

Президент Жолдауы стратегиялық маңызды мәтіндер болып табылады. Олар белгілі бір қоғамдық-саяси жағдайда жасалады, президент пен оның жақын ортасының елдегі қазіргі, әлеуметтік, экономикалық, саяси салалардағы жағдайды түсінуінен тұрады. Өр жылдардағы жолдаулардың мәтіндері сол кездегі елді реформалаудың ерекшеліктері – саяси, экономикалық, сот жүйесін және әлеуметтік саланы бірден реформалауды көрсетеді. Жолдаулардағы көрсетілген көптеген проблемаларға қарамастан, олардың әрқайсысы негізгі бағытты – елдің саяси күн тәртібіндегі басты мәселені айқындайды, ол кейде айқын немесе ресми түрде жарияланбауы да мүмкін.

Еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев тәуелсіздік жылдары 23 Жолдау және бірнеше бағдарламалық мақалалар жариялады. Солардың қатарындағы бірегейі

ретінде 2017 жылдың сәуірінде жария етілген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын алуға болады.

Бір жағынан, «Болашаққа көзқарас: рухани жаңғыру» мақаласы Қазақстан халқына 2017 жылғы жария етілген «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауының, яғни ондағы жаңару – саяси реформалар мен экономикалық жаңғырудың логикалық жалғасы болды. Екінші жағынан, бұл Қазақстанның прогрессивті дамуы үшін түбегейлі жаңа бағыт, онда қоғамдық сананы жаңғырту саяси және экономикалық қайта құрудың өзегі болады. Елбасының көзқарасынша бұл Қазақстан азаматтарының ұлттық шоғырлануымен тікелей байланысты, сондықтан біз «күшті және жауапкершілікті адамдардың біріккен ұлтына айналу үшін болашаққа қадам басуымыз керек, қоғамдық сананы өзгертуіміз керек» [2, 11 б.].

Өзінің мәніне қарай бағдарламалық мақала, ең алдымен, ұтымды форматта ХХІ ғасырдағы ұлттық сана мен қоғамдық сананы өзгерту жолдарына жалпы анықтама беретін дүниетанымдық-идеологиялық сипаттағы мақала болды.

Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында ұсынған рухани жаңғырудың 6 негізгі бағыты – ұлтымыздың бәсекеге қабілеттілігі, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білім мәдениеті, Қазақстанның эволюциялық дамуы және сананың ашықтығы – бұл Қазақстанның рухани саласындағы жаңашыл бағыттар.

Осылардың қатарындағы «Жаңа гуманитарлық білім. 100 қазақ тіліндегі жаңа оқулық» дүниежүзілік білім бәсекесіне бейімделген кадрларды даярлауды сапалы жаңа деңгейге көтереді. Біріншіден, гуманитарлық салада, өйткені жаһандық әлемде гуманитарлық білімнің жетіспеуі адамзаттың технологиялық прогресі әлеуметтік прогреспен қатар жүрмейтіндігіне байқатты. Қазіргі таңда гуманитарлық білімі бар адамдардың басшылыққа тартылуы кездейсоқтық емес, өйткені дәл осы тұлғалар ғана әлемнің болашақ дамуының көкжиегін болжай алады.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты терең мазмұнды мақаласының жалғасы ретінде жарияланған «Ұлы Дала жеті қыры» мақаласы ұлттық және жалпы жаһандану заманындағы жалпыадамзаттық мүддемен сабақтасып жатыр. Ұлы дала тарихының 7 қырын кеңінен әңгімелеген маңызды мақала қоғамның, көзі ашық азаматтардың көкейінде жүрген аса маңызды мәселелерді көтерді.

Елбасы өз мақаласында жаңғырудың ең басты шарты өзіндік ұлттық кодты сақтауды алып, жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайтындығын атап өтті» [3, 112 б.].

Өз тарихын тереңнен тартып, ұдайы жадында ұстайтын халықтың ұлттық идеясы мығым болып, ал мемлекеттік идеологиясы сырттан төнетін қауіп-қатерлерге қарсы тұра алады. Ел басына түскен қиын-қыстау кезеңдерде ұлтты жұмылдыру, қоғамды біріктіре отырып, тығырықтан алып шығатын жол – ұлттық идеология.

Ұлттық идея мемлекеттің қалыптасуы, ұлттың өзіндік санасының дамуы және ұлттық бірегейліктің орнығуы барысында бекіп, дүниетанымдық бағдардағы құндылықтар жүйесіне негізделеді. Саяси үдерісте ұлттық идея халықтың интеграциясы мен идентификациясы функциясын, оның тарихи өмір сүруінің мұратын анықтау, биліктің заңдылығы, насихаттаушы және топтастырушы қызметтерді орындайды. Бұл бағыттағы ұлттық идея саяси идеология, миф және утопия сынды рухани-саяси өмірдің қырларымен астасып жатады және бұл құбылыстар құндылықтардың қайта қаралып, әлеуметтік жаңару орын алатын өтпелі кезеңдерде айқын байқалады [4].

Қазақстандық қоғам мен мемлекеттің өтпелі кезеңдегі Елбасының жариялаған Жолдаулары мен бағдарламалық мақалаларында көтерілген келелі мәселелер ұлттық идеяны қалыптастыру барысында маңызды орын алады. Қазақстан мемлекеттілігінің нығаюы барысында елімізді мекендейтін әртүрлі ұлт пен дін өкілдерін біртұтас қоғамға біріктіріп,

бірегейліктің ұйытқысына айналатын ұлттық идеяны қалыптастыруда Елбасының зор еңбегі бар екенін атап өту керек [5, 112 б.].

Осылайша, мақалалар өзінің мазмұны мен мәні тұрғысынан қазіргі таңдағы қазақ қоғамының қажеттіліктері мен күтілімдеріне сәйкес келіп, жалпыұлттық қолдауға ие болды. Мақаланы қазақстандық қоғамның түрлі топтары, оның ішінде жоғары лауазымдық тұлғалардан бастап, депутаттар, зиялы қауым, академиялық орта, сарапшылар дәстүрлі және жаңа БАҚ беттерінде, әлеуметтік желілерде кеңінен таратып, қызу талқылауға мұрындық болды. Мақаланың соншалықты деңгейде талқылануы мен назарға ілінуі еліміздегі саяси және қоғамдық күн тәртібіндегі мәселелердің өзара сәйкестігін байқатады. Өйткені «күн тәртібінің» осы алуан түрлерін қалыптастырудың негізгі субъектісі – бұқаралық ақпарат құралдары. Олар «қоғамдық күн тәртібінің» мазмұнын анықтауда маңызды рөл атқарады.

Сонымен қатар, саясаттанудағы таза «күн тәртібінен» өзге, оның басқа түрлері де бар. Мысалы, «Мемлекеттік саясатты зерттеу: саяси циклдер және ішкі жүйелер» атты еңбегінде М.Говлет пен М.Рамеш жүйелік (немесе қоғамдық) және институционалды (немесе ресми) «күн тәртібін» бөлек алып қарастырады. «Жүйелік күн тәртібіне» қоғам назарын аударатын барлық мәселелер кіреді, яғни жүйелік күн тәртібі – қоғамның күн тәртібі, өйткені онда мемлекеттік органдардың көмегімен шешілуі қажет жүздеген маңызды әлеуметтік проблемалар бар. Сонымен бірге, жүйелік күн тәртібіндегі мәселелердің аз бөлігі ғана биліктің назарына түседі. Билік назарға алған проблемалар жүйелік (қоғамдық) деңгейден институционалды деңгейге автоматты түрде көшеді. Осылайша, қоғамның күн тәртібі – талқылаудың күн тәртібі, ал институционалды күн тәртібі – бұл мәселе бойынша саяси үрдістің басталуын көрсететін күн тәртібі» [6].

Институционалды (ресми) «күн тәртібі» – бұл қоғам үшін емес, билік үшін басымдыққа ие тақырыптар жиынтығы. Саяси күн тәртібі – бұл тек маңызды саналатын мәселелер емес, бұл шешімін табу үшін мемлекеттің араласуын қажет ететін мәселелер тізімін күн тәртібі. Қоғамдық және биліктік «күн тәртібінің» қалыптасуының субъектісі мәселесі бойынша «қоғамдық күн тәртібі» негізінен бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалымен қалыптасады, ал «саяси күн тәртібі» – мемлекет басшылығының немесе оған ықпал ете алатын саяси күштердің мүдделері мен ниеттері негізінде қалыптасады.

Сонымен қатар, саяси күн тәртібі – бұл белгілі бір тарихи кезеңге байланысты динамикалық құбылыс. Әлбетте, саяси тақырыптар жиынтығы үнемі жаңарып отырады, және барлық бұқаралық ақпарат құралдарында өзекті болып табылатын және қайта шығарылған материалдар бірнеше күннен кейін өзінің танымалдылығын жоғалтып, бұқаралық ақпарат құралдарының назарынан тыс қалатыны анық. Бұқаралық ақпарат құралдарының сенімі неғұрлым жоғары болса, күн тәртібін құру технологиясы соғұрлым сәтті енгізіледі. Осы мәселе бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелері бұқаралық ақпарат құралдары тарататын проблемалар мен азаматтарды толғандыратын проблемалар арасында оң байланыс бар екенін көрсетті. Алайда, бұқаралық ақпарат құралдары американдық саяси жүйеге қатысты өз басымдықтарын аудиторияға жүктейді деген тұжырым, басқа саяси контексте орналастырылған кезде, соншалықты даусыз және әмбебап болып көрінбейді.

Қорыта келгенде, саяси күн тәртібін қалыптастыру көп жағдайда белгілі бір мемлекеттегі саяси режимге қатысты болып табылады. Қазіргі заманғы саяси тәжірибе алуан түрлі және бұл мәселені бұқаралық ақпарат құралдарында талқылау, саяси күн тәртібінің қалыптасу кезеңі ретінде қажет, бірақ белгілі бір уақыт пен саяси жағдайда міндетті емес. Бұған қоса, бұқаралық ақпарат құралдары көбінесе саяси шешімді қажет ететін белгілі бір проблема туралы ақпаратты тиісті деңгейдегі мемлекеттік органдар әлеуметтік, экономикалық және басқа проблемалар шеңберінен бірінші кезектегі, басымдықты деп санайтын мәселелерді таңдап, шешуге және қоғамдық талқылауға ұсынуға дайын болса ғана таратады. Бұл жағдайда саяси күн тәртібі бірінші кезектегі болып, БАҚ тек қоғамдық күн тәртібін анықтайды.

Ал кейбір жағдайларда мәселені саяси күн тәртібіне енгізу бұқаралық ақпарат құралдардағы талқылаусыз-ақ, саяси элитаның, бизнестің немесе басқа да субъективті топтардың мүдделері арқылы айқындалуы да мүмкін. Бұл жағдайда проблема алдын-ала қоғамдық талқылау кезеңін айналып өтіп, бірден саяси күн тәртібіндегі мәселеге айналады.

Сонымен қатар саяси күн тіртібін қалыптастыратын субъектілер мәселесі де маңызды. Теориялық жағынан субъектілер ретінде мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдар, бұқаралық ақпарат құралдары, бизнес, коммерциялық емес ұйымдар, ғылыми және сараптамалық қауымдастықтар, қоғамдық ұйымдар, саяси партиялар, оппозиция немесе басқа мүдделі топтар кіреді. Ең дұрысы, саяси күн тәртібі осы аталынған әртүрлі субъектілердің бірлескен күш-жігерінің нәтижесі немесе «ұжымдық келісілген процесінің» нәтижесі болуы керек.

Алайда, саяси режим ерекшелігі саяси күн тәртібін қалыптастыруда тәуелсіз қатысушылардың санын едәуір шектейді. Саяси сала үшін ықпал ету объектісінің түзетілген мінез-құлқын алу үшін бүкіл қоғамға немесе оның кез-келген маңызды бөлігіне әсер ету ниеті басым болады. Мұндай құқықты тек саяси элитаның өте аз және ықпалды тобы ғана иелене алады.

Осылайша, саяси күн тәртібін қалыптастырудың толыққанды субъектісі ретінде қабылданған шешімдер үшін саяси жауаптылықта болатын және оларды іске асыру үшін ресурстарға ие субъект қана бола алады. Елбасы Қазақстанның жаңа мемлекеттігінің негізін қалаушы, Тұңғыш Президенті ретінде оның саяси-экономикалық дамуы, мемлекеттілігінің нығаюы барысында елімізді мекендейтін әртүрлі ұлт пен дін өкілдерін біртұтас қоғамға біріктіріп, бірегейліктің ұйытқысына айналатын ұлттық идеяны қалыптастыруға жауапты бірден-бір тұлға ретінде дүниетанымдық-идеологиялық сипаттағы мақала жариялады.

Әдебиеттер:

1. Алуа Жолдыбалина, Мәншүк Кәрімова. ҚР Президентінің 1997–2017 жылдар аралығындағы Қазақстан халқына Жолдаулары: талдау, негізгі тұжырымдамалар, сабақтастық // Қоғам және Дәуір. – №4-2017

2. Нурсултан Назарбаев – Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру (статья, интервью, выступления, экспертные комментарии и справочно-аналитические материалы) – Астана: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК, 2017. – 512 с.

3. Арзықұлов А.Ә., Ұлттық тарихты жаңғырту // «Еуразия тарихының мұрасы: көне заманнан қазіргі кезеңге дейінгі тарихи сабақтастығы» Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның баяндамалар жинағы (20 қараша 2019 жыл) / Б.Ғ. Аяғанның редакциясымен – Нұр-Сұлтан. 2019. – 332 б.

4. Қазақстандық ұлттық идея – билік жүйесінің қозғаушы күші [Электронды ресурс] // e-history.kz/kz/contents/view/kazakstandik_ulttik_ideya__bilik_zhuiesinin_kozgaushi_kushi__2251 (қаралған күні: 20.04.2020).

5. Арзықұлов А.Ә., Ұлттық тарихты жаңғырту // «Еуразия тарихының мұрасы: көне заманнан қазіргі кезеңге дейінгі тарихи сабақтастығы» Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның баяндамалар жинағы (20 қараша 2019 жыл) / Б.Ғ. Аяғанның редакциясымен – Нұр-Сұлтан. 2019. – 332 б.

6. Ковалёв Г. Символизация политической власти: концептуальное поле исследования. URL: <http://polite.com.ua/library/3693-.html> (дата обращения: 01.04.2020).

**Ғылыми жетекші: Көпежанова
Данагүл Едігеқызы,**

УДК 1/14, 2(075.8)

Аскеева Г.Б.,